



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Зерттеу барысында көлдер геожүйесіне жасалған геохимиялық талдау нәтижесі мен аудандардың топырағынан алынған көрсеткіштер нәтижесі қорғасын, мырыш, кадмий, хромның ШРК шамасынан артқандығын байқауға болады [3,4].

Жерге антропогендік әсер ету деңгейі бойынша, облыс аумағы халық тығыз қоныстанған аймақ болғандықтан антропогендік әсер ету деңгейі «өте жоғары» деп бағаланды. Мәліметтер базасын құру үшін көлдерді зерттеу ЛГЗ (лиминология ғылыми зерттеу лаборатория) мәліметтері, кадастрлық мәліметтерді бағалау, аймақтық инспекциялардың табиғи ресурстары қоры мәліметтері және қоршаған ортаны қорғау және жергілікті билікті орндаушы органдардан, көлдер геожүйесінде зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер пайдаланылды. Көлдер мен көлдер маңы территориясының табиғи ресурстық потенциалын геоэкологиялық бағалау және талдау жасау кезеңі табиғи ресурстардың әр түріне сандық баға берумен табиғи ресурстық потенциалдың интегралдық индексінен құралады. Жасалған есептеулер нәтижесінде көлдер геожүйесінің табиғи ресурстық потенциалының пайдалану деңгейіне кеңістіктік уақыттық талдау жасалынды. Оның экологиялық шектеумен пайдалану қарқындылық бағыты анықталынды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Омаров, П.Филонец, Ю.Филонец. Қазақстан көлдері – Алматы Қазақстан», 1987.- Б.116
2. ҚР «Су кодексі». 2006-2008жж ОҚО су нысандарын тиімді пайдалану және қорғау. – 2002.- 45б.
3. Геоэкологическая оценка природно-ресурсного потенциала озерных геосистем: метод. рекомендации / Б. П. Власов, А. Н. Витченко, Н. В. Гагина, Н. Д. Грищенкова. – Минск: БГУ, 2012. – 23 с.
4. Қазақстан Республикасы жер ресурстарын басқару агенттігі

УДК 338.91

НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА ӨТУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оспан Гауһар Тәшімқызы

gauhar_ospan@mail.ru

Қазақстан Республикасы, Астана қ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ курс магистранты
Ғылыми жетекшісі- Ауезова З.Т

Туу - өлу сияқты биоәлеуметтік құбылыс. Туу жағдайына қоғамдағы әлеуметтік саяси және экономикалық жағдайлар тікелей әсерін тигізеді. 1999-2013 ж. жалпы республикадағы халықтың туу көрсеткіші 26,73% төмендеді, өлу 35,6% дейін өсті, халықтың табиғи өсімі 2,45 есе төмендеді. Қазақстан Республикасы ұдайы өсудің қарапайым типіне жатты. 1990-1994 ж. туу белорустарда 36,6%, украиндарда 32,3%, орыстарда 30,3%, қазақтарда 14% дейін қысқарған жағдай өнеркәсіпті аудан Орталық Қазақстанда айқын байқалды. Облыстағы туу көрсеткіші әсіресе өнеркәсіпті қалаларда ауылдық елді-мекендерден 1,2 есеге төмендейді. Жалпы, Орталық Қазақстанда Қазақстанның барлық өнеркәсіпті аудандары сияқты туу көрсеткіші орташа деңгейде өтті. Туу көрсеткішінің төмендеуі 1991-2003 ж. аралығында қатты байқалды. Туу коэффициенті 6,2% төмендеді. Көпшілік жанұяларда екінші, үшінші, т.б. балалардың дүниеге келуіне соншалықты ықылас болмады. Республика көлемінде, әсіресе Қарағанды облысында туу азайып, өлу көбейді. 1991 мен 2003 жылдар аралығында Қарағанды қаласында туғандар 9337 адам, оның ішінде 1989 ж. 5013 адамға, 2002 жылы 4324 адамға немесе 46,3% азайған. Жалпы туу коэффициенті 11,97%, ал Теміртауда бұл көрсеткіш ең төменгі деңгейде болды. Олай болса Орталық Қазақстанда ұдайы өсудің қарапайым түрі

сақталған. Өнеркәсіпті Балхаш қаласында 1991 жылы 1171 адамға, 2003 жылы 922 адамға немесе 44,0% төмендеген. Бұл үрдіс Қарағанды облысының өнеркәсіптік қалаларында тұтастай болған. Өндірістің тоқтауы, өмір сүру деңгейінің төмендеп, туу көрсеткіштерінің күрт азаюына ықпалын тигізді. Туу коэффициентіне шаруашылық тұрмыстық факторлардың әсері де үлкен әсерін тигізді. Нарықтық экономикадағы жаңа қатынастар тууға кері әсерін тигізе бастады. Туу көрсеткішінің жоғарылауы 2003 жылы басталып, баяу түрде жүрді. 2003 жылы облыс бойынша 16066 адам дүниеге келсе, бұл көрсеткіш 2012 жылы 2625 адамға артық болды.

Облыстың ірі қалаларының бірі Жезқазған қаласында 2006 жылы туылғандар 1120 адам, ал 2013 жылы 1315 адамға артты. Халықтың тууы Балхаш, Шахтинск, Саран қалаларында арта бастады. Туылғандар Балхашта 2006 жылы 1010 адам, 2013 жылы 561 адам, Шахтинскіде 2006 жылы 528 адам, 2013 жылы 454 адмға артты. Түсті металдың ірі орталығы Балхашта 2006 жылы 1840 адам, 2013жылы 20% азайып, 1365 адамды құрады, 2007 жылы туылғандар саны 61 адамға өсіп, 1426 адамды құраса, 2008 жылы керісінше 83 адамға азайып, ал 2009 жылы қайтадан туылғандар саны өсті.

Жалпы Орталық Қазақстан бойынша 1991-2003 жылдар аралығында туу төмендеп, әсіресе ол қала халқында қарқынды түрде өтті. Бұл жағдай 90 жылдар басындағы экономикалық дағдарысқа, әлеуметтік экономикалық тұрақсыздық пен қымбатшылыққа байланысты болды. Қала және село халықтарының жастық құрамында үлкен айырмашылықтар байқалды.

Ауыл халқының көші қоны жастар арасында белсенді жағдайда өтіп, қала халқының үлес салмағы артты. Ал, ауылдық елді мекендерде егде жастағылар қалып, бұл үрдіс халықтың туу көрсеткішіне тікелей әсерін байқатты. Орталық Қазақстан ауылдық елді мекендерінде туу төмендеп, ол 2003 жылы 1774 адам (7,9%), бұл 2000 жылғы көрсеткіштен 382 адамға аз.

Абай ауданында туылғандар 1991 жылы 1414 адам болса, 1992 жылы ол 84 адамға азайып 1330 адамды құрған.

Бұхар жырау ауданында 2001 жылы туылғандар 1500 адам болса, 2013 жылы 743 адамды құраған.

Жаңаарқа ауданында 2001 жылы 1038 адам туылса, 2002 жылы 1046 адам, қайтадан туу төмендеп, 2003-2007 жылдар аралығында 943 және 959 адамды құраған.

Өлу туудан кейінгі демографиялық үрдістің 2-ші көрсеткіші. 2006 жыл көрсеткіштері бойынша Орталық Қазақстанда өлу деңгейінің күрт көбейгендігін, ол 1000 адамға 13,1% көрсетті. 1991-2003 жылдары аралығында Орталық Қазақстан қалаларында өлу деңгейі жоғары болды, 2008 жылы қалаларда 15328 адамға (13,84%) көбейген, ол 2006 жылы 664 адамға көп Теміртау қаласында өлу 2001 жылы 1564 адамды, 2012 жылы 2238 адамға дейін көтерілген. Мұндай жағдайлар Балхаш, Қаржал, Шахтинск қалаларында да байқалып, тууға қарағанда өлудің көбейіп кеткендігін көрсеткен. Өлімнің ең көп тіркелген жерлері Қарағанды, Теміртау және Балхаш қалалары.

2001-2013 жылдар аралығында балалардың шетінеуі аз байқалған (1 жасқа дейінгі). Ол 100 адамға 23,0%₀ ден 16,25%₀ ге кеміген. Өлу көрсеткіші орта жастағылар арасында (туберкулез) өкпе, бурцуллез, асқазан- ішек, жүрек аурулары және жаңа өскін пайда болғаны сияқты аурулардың көп екендігін көрсеткен. Әсіресе, Теміртау қаласында жастардың нашақорлыққа бейімделуі кен етек алды, көбінесе олардың жасы 30-35 тен артпады. Қазақстан бойынша ЖИТС (жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы) ауруының 90% Теміртауда болды. Өлу әсіресе ер адамдар арасында кең етек алды. Ол қан айналу, тосын жағдайлар, улану, нашақорлық пен ішімдікке салыну сияқты өлшемдермен сипатталады. Облыс көлемінде өлу деңгейі жастар арасында, әсіресе еңбекке жарамды халық арасында көп. 2000 мен 2010 жылдар арасында өлу 15-16%-ға дейін көтерілген.

Өлудің ер адамдар арасында көп байқалуы кездейсоқ жағдайлар 31%, қан қысымы 27%, тыныс алу 7%. Ер адамдардың ішімдікке салынудан өлгендер 74%, оның 57%-ы 40-49 жас арасындағы адамдарды құраған. Республика бойынша балалар өлімінің жоғары деңгейі

сақталуда, облыс бойынша 21%, ауылдық елді мекендерде 31,8%—ге тең. Балалар арасындағы өлу деңгейінің құрылымы 1-ші қан айналу, 2-ші жаңа өскін, 3-ші тыныс алу, 4-ші кездейсоқ жағдайлар, улану, құлау т.б

2014 жылғы деректер бойынша Қарағанды облысы халқының саны 1 346 566 адамды құрады. Қала халқы 1065,1, ауыл халқы – 290,2 мың адамды құрады. Облыста қазақтардың үлес салмағы 44%, орыстар 39%, украиндер 4%, қалған ұлттар 13%.

Негізінен ауданда қала мен ауыл тұрғындарының өмір сүру жасы әр келкі. Оны 1-кестеден анық байқауға болады.

Кесте 1

Қарағанды облысы бойынша орташа өмір сүру көрсеткіші

	2008 жыл			2013 жыл			жас ұзақтығының абсолютті ауытқушылығы		
	екі жыныс	ерлер	әйелдер	екі жыныс	ерлер	әйелдер	екі жыныс	ерлер	әйелдер
Облыс бойынша	63,82	57,71	70,41	64,64	58,65	70,78	0,82	0,94	0,37
Қала	63,34	56,91	70,29	64,47	8,23	70,72	1,13	1,32	0,43
Ауыл	66,59	63,71	71,38	65,56	60,2	70,91	-1,03	-3,51	-0,47

Қалалық елді мекендерде табиғи өсім 3818-ден 3865-ке дейін артты. Ауылдық жерлерде табиғи өсім 6,7%-ға төмендеді және 1496 адамды құрады.

2013 жылғы қаңтар-тамыз бойы тұтас облыс бойынша 15818 туылғандар тіркелді, бұл 2012 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 367 адамға немесе 2,4%-ға көп. Туылудың жалпы коэффициенті орта есеппен тұрғындардың 1000 адамына 17,19-ден 17,44 туылуға дейін жоғарылады. Облыста туу деңгейі орташа республикалықтан 22,6%-ға төмен.

2013 жылғы қаңтар-тамызда облыста 10457 адам өлді, бұл 2012 жылғы қаңтар-тамыздан 428 адамға (4,3%) көп. Халық өлімінің жалпы коэффициенті (халықтың әрбір 1000 адамына өлгендер саны) 11,54 тен 11,61 промиллеге дейін артты. Оған қоса облыста өлім деңгейі орташа республикалықтан 27,7%-ға асады.

Өлім себептері арасында, бұрынғысынша, қан айналымы жүйесінің ауруларынан болған өлім басым болып қалуда. Бұл себептен өлгендердің үлес салмағы 2013 жылдың қаңтар-тамызында 56,8%-ды құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда олардың саны 6,9%-ға артты. Өлім себептерінің осы тобында суицидке байланысты өлім 3,1%-ға артты, кісі өлтіру нәтижесінде 1,6 есе кеміді, алкогольды улану оқиғалар саны 11,6%-ға төмендеді. Жұқпалы және паразиттік аурулардан өлгендер саны 6,2%-ға азайды. Тыныс органдары ауруынан өлгендер 5,8%-ға кеміді, ас қорыту органдары ауруынан өлгендер 14,2%-ға артты. Ісік ауруларынан өлгендер саны 4,3%-ға кеміді.

Жанама себептерден өмірін қиған адамдар саны 4,5%-ға артқаны 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Өлімнің негізгі себептері бойынша өлгендер құрылымы.

Атауы	Өлгендер саны, адам		Үлессалмақ, %	
	2012ж. қаңтар-тамыз	2013ж. қаңтар-тамыз	2012ж. қаңтар-тамыз	2013ж. қаңтар-тамыз
Барлығы	10 029	10 457	100,0	100,0
Қан айналымы жүйесінің аурулары	5 552	5 937	55,3	56,8

Атауы	Өлгендер саны, адам		Үлессалмақ, %	
	2012ж. қаңтар-тамыз	2013ж. қаңтар-тамыз	2012ж. қаңтар-тамыз	2013ж. қаңтар-тамыз
Ісік	1 237	1 184	12,3	11,3
Жазатайымжағдайлар, улану жәнежарақат	1273	1330	12,7	12,7
Тынысжүйелерініңаурулары	430	405	4,3	3,9
Ас қорытужүйелерініңаурулары	472	539	4,7	5,1
Жұқпалыжәнепаразит тікаурулар	289	271	2,9	2,6
Басқа да аурулар	776	791	7,7	7,6

Кесте 3

1998-2012 жылдары Қарағанды облысындағы халық санының өзгеруі

Жылдар	Жалпы өсім	Табиғи өсім	Көші – қон өсімі
1998	869	15494	-14630
1999	-15078	13350	-28428
2000	-25945	8976	-34921
2001	-44215	7601	-51816
2002	-26992	2974	-29966
2003	-21726	319	-22045
2004	-25777	-14	-25791
2005	-29313	176	-25489
2006	-15208	422	-15630
2007	-17083	-547	-16536
2008	-16000	300	-14340
2009	-15400	350	-12200
2010	-14300	340	-11400
2011	-10000	400	-9200
2012	-8884	530	-9400

Жалпы облыстағы демографиялық жағдайға өлім мен туудан бөлек көші-қонның да рөлі маңызды.

Кесте 4

2010-2013 жылдардағы Қарағанды облысында жұмысқа жарамды жастар аралығындағы көші-қон

	2012 ж. адам	2013 ж. адам
Еңбекке жарамды жас шамасынан жас		
Келгендер	964	1184
Кеткендер	1500	1158
Көші-қон айырымы	-536	26

Еңбекке жарамды жас		
Келгендер	3185	3732
Кеткендер	5980	4780
Көші-қон айырымы	-2795	-1048
Еңбекке жарамды жастан асқан		
Келгендер	386	445
Кеткендер	1052	930
Көші-қон айырымы	-666	-485

Облыстан кетуші азаматтар жоғары білімділер болып табылады. Мамандықтары бойынша кетушілер арасында техникалық мамандық иелері басым және 35,1% және 35,9%, ал 2-ші орында педагогикалық білім иелері 15,5%, 3-ші орында экономикалық мамандық иелері 14,4%.

Орталық Қазақстан экономикалық ауданындағы демографиялық өзгерістерге экологиялық жағдайдың күрт төмендеуінің үлкен әсері бар. Әсіресе, Балхаш пен Теміртаудың экологиялық жағдайы өте ауыр. Балхашқа 42,9%, Теміртауға 29,4% атмосфераның ластануы тән. Тек, 2012 жылдың өзінде ауа бассейніне 170 т-дан 247,9 мың т дейін зиянды заттар құраған. Экологиялық жағдайдың ауырлығы әртүрлі ауруларың тууына, денсаулықтың нашарлануына, өмір сүру жасының төмендеуіне әкеліп соқты. Бұл балалар арасында салмағының аз болып туылуы, айына жетпей туу сияқты, әртүрлі аллергиялық аурулардың, әсіресе өкпе демікпесі, демікпе, жұтқұншақ ауруы т.б. көбейіп кетуі айғақ. Орталық Қазақстанда қалалықтардың арасында өлу деңгейі 2001 жылы 8569 адамды, 2009 жылы 40% көбейіп 14277 адамды, 2013 жылы 13327 адам болған.

Орталық Қазақстан экономикалық ауданында минералды шикізат қорлары, маңызды табиғи потенциал, табиғи – рекреациялық ресурстары бар, білімі мен ғылыми дамыған, жоғары білімді мамандары бар аймақ болып табылады. Бірақ, осыған қарамастан аудан қазіргі таңда депрессия жағдайында. Себебі, негізгі табиғи қорлардың азаюы, жаңа геологиялық барлаулар жүргізілмеуі, экологиялық жағдайдың нашарлауы әсерінен аудан экономикасы вертикальді интеграция түрінде дамып жатқан 3 компанияның жұмысына тәуелді болып отыр. Соған байланысты қазіргі таңда адам потенциалын дамыту, экологиялық жағдайды және инфрақұрылымды дамыту негізгі мәселе болып отыр. Қарағанды облысының табиғи байлықтарын сақтау, халықтың денсаулығын жақсарту, демографиялық үрдісті қадағалау– бүкілхалықтық іс екенін ұмытпауымыз керек. Аудандағы адамдар, олардың денсаулығы – бірінші қажеттілік және біздің байлығымыз. Сондықтан да, аудандағы демографиялық жағдайға назар аудара отырып, қазіргі қалыптасқан демографиялық дағдарысты реттеу алға қойылған мақсаттардың негізгісі болу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана.–Алматы, 1997. – 97 Б.
2. Досмағамбетов С.К. Центральный Казахстан: природа и природные ресурсы, события и люди, реформы и развитие. - Алматы, 2003.-109 Б.
3. Статистический сборник. Труд и занятость в Казахстане.-Алматы, 2013, - 23 б.
4. География инвестиций и их влияние на численность населения Центрального Казахстана //Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия географическая, 2005. №1, Б.23-25
5. Қарағанды облысының Статистика департаменті www.karaganda.stat.kz
6. Численность населения 2000-2009 г. www.kazstat.kz.

УДК551.322

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ АТМОСФЕРАСЫНЫҢ ЛАСТАНУ ДӘРЕЖЕСІ